

Б.С. Тұрлыбай \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты,  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail:t.bakyt94@mail.ru

## ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ БЕТІНДЕГІ ОҚУ-БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ МАҚАЛАЛАРДЫ ТАРИХ ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада ХХ ғасырдың басында жарық көрген "Қазақ" газетінің оқу-білім саласына қосқан үлесі жан-жақты қарастырылады. Газет қазақ халқының сауатсыздығын жою, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру және ағарту саласын дамыту мәселелерін көтерді. "Қазақ" газетінде жарияланған мақалалар тек білім беру жүйесіне қатысты ақпарат беріп қана қоймай, сол кездегі саяси-әлеуметтік ахуалды сипаттап, халықтың сауатын арттыруға бағытталған маңызды дереккөздердің бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысы "Қазақ" газетінің білім беру ісіне тигізген ықпалын талдай отырып, оның мазмұнын тарих пәнінде оқыту әдістеріне бейімдеу жолдарын ұсынады. Газетте көтерілген негізгі тақырыптар – ұлттық мектептердің ашылуы, мұғалім даярлау, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, қазақ тілінде білім беру қажеттілігі, сондай-ақ білім жүйесін қаржыландыру мәселелері. "Қазақ" газетіндегі білімге қатысты мақалаларды талдау арқылы зерттеу жұмысы олардың тарих пәнін оқытудағы маңызын анықтайды.

Зерттеу мақсаты – "Қазақ" газетінде жарияланған білімге қатысты мақалаларды жүйелі түрде талдау, олардың мазмұнын ашып көрсету және қазіргі білім беру үдерісінде қолдану жолдарын айқындау. Зерттеудің маңыздылығы – ұлттық баспасөздің білім беру саласына қосқан үлесін көрсету және оның идеяларын қазіргі оқыту жүйесіне бейімдеу. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы "Қазақ" газетінің деректерін тарих пәнін оқытуда пайдалану арқылы оқушылардың тарихи санасын дамытуға ықпал етуге бағытталған.

**Кілт сөздер:** "Қазақ" газеті, оқу-білім, мақала, газет, басылым, оқыту, әдістеме, ағарту.

Тұрлыбай Б.С. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, PhD докторант,  
Алматы, Казахстан, E-mail:t.bakyt94@mail.ru

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТАТЕЙ О ПРОСВЕЩЕНИИ В ГАЗЕТЕ «ҚАЗАҚ»

*Аннотация*

В данной статье всесторонне рассматривается вклад газеты «Қазақ», издававшейся в начале ХХ века, в сферу образования и просвещения. Газета поднимала актуальные вопросы ликвидации неграмотности среди казахского населения, формирования национальной системы образования и развития просветительской деятельности. Публикации «Қазақ» не только освещали проблемы системы образования, но и описывали социально-политическую обстановку того времени, являясь важным источником информации для повышения грамотности населения.

Исследование анализирует влияние газеты «Қазақ» на образовательный процесс и предлагает пути адаптации ее содержания в методике преподавания истории. Основные темы, затронутые в газете, включают открытие национальных школ, подготовку учителей, разработку учебников и учебных пособий, необходимость преподавания на казахском языке, а также финансирование системы образования.

Анализируя образовательные статьи газеты «Қазақ», исследование определяет их значимость в процессе преподавания истории. Цель исследования – систематический анализ публикаций по вопросам образования, выявление их содержания и определение возможностей их использования в современном образовательном процессе. Значимость исследования заключается в демонстрации вклада национальной прессы в систему образования и адаптации её идей к современной методике преподавания. Кроме того, исследование направлено на развитие исторического сознания учащихся через использование материалов газеты «Қазақ» в преподавании истории.

**Ключевые слова:** газета «Қазақ», образование, статья, публикация, печатное издание, преподавание, методика, просвещение.

*Turlybai B.S.* \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD student, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail:t.bakyt94@mail.ru*

## **METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF TEACHING HISTORY USING ARTICLES ON EDUCATION IN THE “QAZAQ” NEWSPAPER**

### *Abstract*

This article provides a comprehensive analysis of the contribution of the *Qazaq* newspaper, published in the early 20th century, to the field of education and enlightenment. The newspaper addressed pressing issues such as eliminating illiteracy among Kazakhs, forming a national education system, and advancing the field of education. Articles published in *Qazaq* not only provided information about the education system but also reflected the socio-political climate of the time, serving as an important source for improving public literacy.

The study examines the influence of the *Qazaq* newspaper on the educational process and suggests ways to adapt its content to history teaching methodologies. The key topics covered in the newspaper include the establishment of national schools, teacher training, the development of textbooks and educational materials, the necessity of teaching in the Kazakh language, and issues related to financing the education system.

By analyzing the educational articles in *Qazaq*, the study determines their significance in history education. The research aims to systematically analyze the newspaper's publications on education, reveal their content, and explore ways to integrate them into modern education. The importance of this study lies in demonstrating the role of the national press in education and adapting its ideas to contemporary teaching practices. Additionally, it emphasizes the use of *Qazaq* newspaper materials in history education to foster students' historical consciousness.

**Keywords:** *Qazaq* newspaper, education, article, publication, press, teaching, methodology, enlightenment.

**Кіріспе** XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі елдің рухани дамуына айтарлықтай әсер етті. Соның ішінде 1913–1918 жылдары жарық көрген "Қазақ" газеті халықты оқу-білімге шақыру жолында маңызды рөл атқарды. Газет қазақ қоғамын ағарту, ұлттық сананы қалыптастыру, отарлық езгідегі халықтың көзін ашу жолында күресті. Басылым бетінде оқу-ағарту мәселелері көтеріліп, қазақ халқының болашағы білім мен ғылымға байланысты екені баса айтылды. Білім беру ісіне ерекше мән берілгендіктен, газетте оқу жүйесінің дамуына кедергі келтіретін мәселелер жиі талқыланды.

"Қазақ" газеті өз дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға бағытталған ағартушы-лық қызмет атқарды. Оның авторлары – Алаш қозғалысының көшбасшылары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы және басқа да ұлт зиялылары қазақ қоғамындағы білім мен ағарту мәселелерін көтеріп, олардың шешу жолдарын ұсынды. Газет беттерінде жарияланған мақалалар білім алудың қажеттілігін, мектептер мен медреселердің жай-күйін, мұғалімдер даярлау ісін талқылады. Сонымен қатар, орыс және қазақ тілдерінде

білім алудың артықшылықтары, ұлттық мектептер мен оқу бағдарламаларының мәселелері қозғалды.

Осы мақалада "Қазақ" газетінде жарияланған оқу-білімге қатысты материалдар тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері тұрғысынан қарастырылады. Мақалада газет жарияланымдарының мазмұны мен олардың қазақ қоғамына әсері талданады. Сонымен қатар, тарихи тұрғыдан маңызды дереккөз ретінде "Қазақ" газетінің білім беру жүйесіне қосқан үлесі мен оның қазіргі заманғы білім беру әдістеріне ықпалы қарастырылады. Тарихи деректерді зерделеу арқылы "Қазақ" газетінің ағартушылық бағыттағы еңбектері тарихты оқытуда маңызды әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

**Тақырыптың өзектілігі.** XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін ең маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл кезеңде қазақ қоғамы отарлық саясаттың ықпалында қалып, білім беру мен мәдени даму мәселелерінде көптеген қиындықтарға тап болды. Осындай жағдайда "Қазақ" газеті халықты ағартуға, білімге ұмтылуға және ұлттық сананы оятуға шақырған маңызды басылымдардың бірі болды. Газет көтерген мәселелердің барлығы қазақ халқының рухани жаңғыруына, оның білім алуы арқылы болашағын айқындауға бағытталды. Сол себепті, "Қазақ" газетінде жарық көрген мақалалардың тарих пәнінде оқытылуы ерекше маңызға ие. Қазақ газетінің маңызы жөнінде Мұхтар Әуезов берген баға бойынша «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын - «Қазақ» газеті» [1] болуы да оның қадір-қасиеті мен мән-маңызын арттыра түседі.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесі ұлттық негізде дамып келеді. Тарих пәнін оқыту барысында оқушыларға XX ғасыр басындағы баспасөздің рөлін, оның ішінде "Қазақ" газетінің ағартушылық қызметін түсіндіру өзекті болып табылады. Өйткені бұл басылым тек жаңалық таратушы құрал ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеологияны қалыптастырушы, халықты оқуға, білім алуға, жаңашылдыққа шақырушы алаң болды. "Қазақ" газетінің оқу-білімге қатысты мақалаларын тарих пәнінде оқыту – жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға, тарихи деректерді талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

«Қазақ» газеті қазақстандық ғалымдар тарапынан түрлі қызметі мен түрлі қырынан біршама қарастырылғанына қарамастан, бейреми басылымның ұлттық оқу білім саласына қосқан үлесінің орны толық ашылып, түбегейлі зерттелді дей алмаймыз. Бұл орайда XX ғасыр басындағы дүниеге келген ұлттық басылымның қазақ қауымындағы қоғамдық ойды және әдеби ізденістерді дамыту-дағы маңыздылығын зерделеген М.Дулатов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Т.Кәкішев, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Р.Сыздықова, Ү.Сүбханбердина, К.Нүрпейісов, М.Қойгелдиев, Ө.Әбдиманұлы, Б.Момынова, Қ.Сақ, Ж.Байтілесова және т.б. әр саладан қарастырған ғалымдар еңбегін бағалай отырып, бүгінгі күн талабына орай оқу білім саласындағы мақалаларды жаңаша оқыту арқылы зерттеу қажет екендігін айтуға тиіспіз. Өйткені «Қазақ» газетінде жарияланған материалдар XX ғасыр басындағы оқу білімнің бағыттар мен қоғамдық ой ауқымының бет алысын, сол дәуірдің қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелер мен болмысты көркем игерудің айла-амалдарын айқын аңғаруымызға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу жұмысы "Қазақ" газетінде жарияланған білімге қатысты мақалаларды жүйелі түрде талдау арқылы олардың тарихи маңызын айқындайды. Сонымен қатар, басылымдағы білім беру мәселелерін бүгінгі күннің ағартушылық үдерістерімен байланыстыра отырып, оларды оқыту әдістемесіне енгізу жолдары ұсынылады. "Қазақ" газетінің тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың қазақ тарихына деген қызығушылығын арттыру және олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Бұл зерттеу жұмысы "Қазақ" газетінде жарияланған оқу-білімге қатысты мақалаларды тарихи-ғылыми тұрғыдан талдау арқылы олардың білім беру жүйесіне ықпалын анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, архивтік құжаттар, "Қазақ" газетінің түпнұсқа басылымдары, сондай-ақ тақырыпқа қатысты ғылыми мақалалар мен монографиялар қолданылды. Бұл материалдар газеттің ағарту-шылық қызметін объективті тұрғыдан бағалауға және оны тарих пәнін оқытуда тиімді пайдалану жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, Т.Кәкішевтің [2], Ү.Сұбханбердинаның [3], Р.Нұрғалиевтің [4], К.Нұрпейісов-тың [5], М.Қойгелдиевтің [6], Б.Момынованың [7], Ө.Әбдімановтың [8], Ж.Нұсқабайұлы мен Қ.Аллабергеннің [9], Қ.Сақтың [10], Ғ.Ахмедовтің [11] оқырман көзқуанышына айналған кітаптары «Қазақ» туралы алғашқы пікір білдірген тұлғалар. Зерттеуші Үшкөлтай Сұбханбердинаның «Қазақ» газетінің халқымен қайта қауышуына қосқан үлесі қомақты екенін бөле айтқанымыз жөн. Зерттеуші осы іспен 1956 жылдан бері айналыса бастаған болатын [12].

Алаш" көсемдері: Ө.Бөкейхановтың, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың аталмыш басылымда жарияланған мақалалары енген жинақтары да жұмыстың деректік негізін құрайды.

Сонымен қатар 1998 жылы ұлттық басылымдарды зерттеу ісінде біршама жұмыстар жасалды. Мысалы, ең бастысы Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ.Сақовтардың құрастыруымен "Қазақ" газетінің материалдары кітап түрінде жинақ болып басылып шықты. Осы кітаптағы мақалалардағы оқу білім барысы туралы деректер негізге алынды.

Зерттеу барысында тарихи-талдау әдісі, салыстырмалы зерттеу әдісі, контент-талдау және педагогикалық әдістер қолданылды. Тарихи-талдау әдісі "Қазақ" газетінің мазмұнын зерттеп, оның білім беру саласындағы рөлін айқындауға көмектесті. Салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы ХХ ғасыр басындағы білім беру мәселелері мен қазіргі заманғы жағдай арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қарастырылды. Контент-талдау әдісі газеттің оқу-білімге қатысты мақалаларының мазмұнын жүйелеп, негізгі тақырыптарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Педагогикалық әдістер зерттеу нәтижелерін тарих пәнінде оқытудың тиімді жолдарын ұсынуға бағытталды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – "Қазақ" газетінің білім беру ісіне қосқан үлесін жүйелі түрде талдау және оның ағартушылық бағыттағы қызметін бүгінгі күннің білім беру үдерісімен байланыстыра қарастыру. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи дереккөздерді оқытуда қолданудың инновациялық әдістері ұсынылды.

Бұл мақаланың маңыздылығы – "Қазақ" газетінде жарияланған оқу-білімге қатысты мақала-ларды тарих пәнінде оқыту арқылы оқушылардың тарихи танымын кеңейтуге, олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Білім беру саласындағы қазіргі реформалар аясында өткен ғасырдың басындағы ұлттық баспасөздің рөлін зерттеу оның бүгінгі күнгі сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді.

### **Негізгі бөлім.**

**Талқылау.** ХХ ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз, оның ішінде "Қазақ" газеті беттерінде көтерілген оқу-білім мәселелерін зерттеу қазіргі білім беру жүйесінің дамуына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Бүгінгі таңда осы тарихи мұраны жоғары оқу орындарында оқыту ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға, білім беру жүйесін жетілдіруге және ғылыми зерттеу-лердің жаңа бағыттарын дамытуға септігін тигізеді. "Қазақ" газетінде көтерілген оқу-ағарту мәселе-лері қазақ халқының мәдени, әлеуметтік және саяси дамуына әсер етіп, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жолында маңызды рөл атқарды.

ХХ ғасырдың басы қазақ халқы үшін ағарту ісінің ерекше қарқын алған кезеңі болды. Баспасөз қоғамдағы білім мен ғылымның дамуына ықпал етіп, халықтың сауаттылығын арттыруда шешуші факторға айналды. "Қазақ" газеті – сол дәуірдегі ең беделді басылымдардың бірі ретінде білім беру мәселелерін жан-жақты көтеріп, ұлттық мектептерді дамыту, мұғалімдер даярлау, оқулықтар жасау мәселелерін кеңінен талқылады. Газетте жарияланған мақалалар қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді сипаттаумен қатар, білім берудің практикалық қырларын да саралады.

Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан және басқа да алаш қайраткерлері білім мен ғылымның ұлт болашағы үшін маңыздылығын түсініп, "Қазақ" газеті арқылы оқу-ағарту мәселелерін күн тәртібіне қойды. Ахмет Байтұрсынұлы "Қазақ" газетіндегі мақалаларында білім беру жүйесінің ұлттық ерекшеліктерін сақтау, ана тілінде оқыту, мектептерде сапалы бағдарламалар жасау мәселелерін талдады. Ол қазақ мектептерінің сапасы көбіне мұғалімдердің біліктілігіне байланысты екенін айтып, қазақ мұғалімдерінің жетіспеушілігі – білім беру жүйесіндегі ең басты мәселелердің бірі екенін атап көрсетті.

**Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі.** Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ағартушысы, ғалым, публицист, ұлт қайраткері ретінде қазақ даласындағы білім беру жүйесінің дамуына, мектептердің жай-күйін жақсартуға ерекше назар аударған тұлға. Ол "Қазақ" газетінің бас редакторы ретінде бала оқыту мәселелерін газет-журналдарда талдап, халықты білім алуға, оқу-ағарту ісін жетілдіруге үндеді.

1913 жылы 21 сәуірде "Қазақ" газетінде Ахмет Байтұрсынұлының "Оқу жайы" атты бас мақаласы жарық көрді [13]. Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлы білім мен оқудың маңыздылығын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Ол халықтың тұрмысын жақсартудың, дамудың негізгі жолы – білім алу екенін дәлелдеп көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы білімнің ұлттық дамуға тигізер әсерін ерекше атап көрсетті. Ол өз мақалаларында қазақ мектептерінде оқытудың ана тілінде жүргізілуінің маңыздылығын, оқу құралдарының тапшылығын және мұғалімдер даярлау ісінің әлсіздігін айта отырып, бұл мәселе-лерді шешу жолдарын ұсынды. Ахмет Байтұрсынұлының ойынша, білім беру жүйесі дұрыс жолға қойылмайынша, халықтың дамуы мүмкін емес.

Мысалы, оның "Оқу жайы" мақаласында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен білім деңгейінің арасында тікелей байланыс бар екені көрсетіледі. Ол былай деп жазады: *"Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік"* [14].

Ахмет Байтұрсынұлы білімді дамытпай, экономикалық әл-ауқатты көтеру мүмкін емес екенін дәлелдейді. Сондықтан ол қазақ мектептерінде ана тілінде білім беруді күшейту, оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жақсарту қажеттігін бірнеше рет атап өтті.

**Қазақ газетінде көтерілген білім беру мәселелері.** Газет бетінде білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелер жиі көтерілді. Олардың ішінде мыналар бар:

- Қазақ мектептеріндегі оқу бағдарламаларының жетілмегендігі;
- Мұғалімдердің жетіспеуі;
- Қаржыландыру тапшылығы;
- Қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы;
- Орысша білім алудың қажеттілігі мен оның қазақ тілімен үйлесуі;
- Бастауыш мектептер мен орта мектептердің даму перспективалары.

**Қазақ мектептерін ашу мәселесі.** Осындай мәселелердің басты себебінің бірі – қазақ жерінде мектептердің жеткіліксіздігі екенін атап көрсетеді. Мысалы, Торғай уезінде 1912 жылдың 1 қаңтарында 570.109 қазақ тұрған болса, қазақ балалары оқитын мектептің саны 132; Қостанай уезінде 1909 жылы 112.657 қазақтан қазақша оқыған еркектер саны 6065, әйелдер саны 379, орысша оқып хат танығандар еркектен 690, әйелден 29 (барлығы 7163) деп санақ мәліметтерін келтіре отырып, тұрғындар санына шаққанда, мектептер саны тым аз екендігін жазады. Сонымен қатар, «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрі-ніп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу бағдарламасы, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі, салған мектептер мұғалімдерге арналған айлық, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін оқу орындары (педучилище) жоқ» [14, 480 б.], – делінген.

Міржақып Дулатұлының бүркеніш атпен жарияланған «Мектеп – медреселер мәселесі» мақаласында Ноғай газеталарында мектеп-медреселер мәселесі жайында көп жазылып, тексерілді. Мұның себебі мектеп-медреселер хақындағы 5 түрлі сұраулар еді. Сұрауларға жауап беру үшін Орынбор мүфтиі қол астындағы хат хабар таратқаннан кейін 30–40 имам Уфа шаһарынан мүфти құзырында кеңесіп жауап берді. Сұраулар: «Мектеп һәм медреселердің мақсұты не нәрсеге?» Жауап: «Мұсылман балаларына оқу, оқу жазу үйретіп, ислам хукімдерін білдірмек, жақсы мінез-бен тәрбие қылып, дүниеде һәм ақыретте бақытқа жеткізетін жол көрсетпек һәм мемлекетіміздің тыныш һәм рахат жасау үшін қызмет етпек». Бұл мәселе туралы біздің қазаққа айтарымыз аз. Хукімет шарифат назарында мұсылмандардың мектеп-медреселері не күйінде екенін білу үшін мүфти арқылы мағұлмат сұрады [14, 440-б.]. Ат сыры иесіне мағлұм: бізде кеудемізді қағарлық мектеп-медреселер жоқ. Ноғайлар 20 миллион мұсылманның атынан мектеп-медреселер хақында шарифатқа сүйеп жауап беріпті. Бізде мұсылман, олардың жауабы –

біздің жауабымыз, олардың тапқаны – біздің тапқанымыз деп тілектес болып жайлы жағымызға жантайып жата тұрамыз ба, иә болмаса өзіміздің жұрттығымызды білдіріп, үнімізді шығарып, ноғайларға қосылып істеріміз бар ма? Мәселен, М.Дулатұлының «Қазақта» жариялаған мақаласында: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. ...Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастай-тын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [14, 67-69-бб.], – деп жазды.

Міржақып Дулатұлының мақаласында оқу ісінің қиын жағдайда тұрғаны, мектептердің жетіспеушілігі, лайықты оқулықтардың жоқтығы, мұғалімдердің керектігі, оқу программасысы қателіктері түзетілсе, оқу-оқыту ісі ілгері басар еді. Сонымен қатар, мұсылманша оқудың үш түрлі кемшілігін атап көрсеткен. Біздің қоғамдағы бірінші кемшілік жеткілікті тәуір мұғалімдер жоқтығы, екінші кемшілік мезгілінде оқылатын тәртіпті мектептер жоқтық һәм, ал үшінші кезекте өз тілімізде оқытарлық кітаптардың жоқтығы [15]. Сонымен, Міржақып Дулатұлының 1913 жылғы мақаласында мектептер ашу ісін жедел түрде қолға алу сөз етілсе, 1914 жылы жарияланған мақаласында оқу ісінің қиын жағдайда тұрғандығы, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу-кұралдарының жоқтығы мәселелерін көтерген. Газетте тілші айдарымен 1914-ші жылдың, 23 марттағы санында «Ақмешіт уезінен мектеп ашу ісі» мақаласында мектепке орын сатып алуды Бекқожа Қошан ұғлы өз міндетіне алды. Ахмет ишан заман жайына түсінген ілгері қадам адамымыз болғандықтан, Сырдария қазақтарының көп жері болған Ақмешітте мектеп ашу [16], - деп қажеттілігі сөз етілген. Мединеде медресе салудан пайдалы һәм сауапты болуына шүбһа қылмас деп білеміз. Сонымен, мектеп-медресе салу пайдалы іс екенінен жұртқа жария етті.

Қыр баласының «Оқу мезгілі» мақаласында: «Бала оқытуды рәсім қылған жұрт баласын оқытады. Сонау қырдан талпынып алты-жеті жыл оқу қуалап Қазан, Уфа, Орынбор, Троицкі барған талапкер балалар екінің бірі бос қазақ емес қой! Жігіті аз қазақ жұртына осы жігерлі балаларды жүдетпей оқуын бітіруге жаһад қылы, ақша жиып һәр ел өз шәкірттеріне беретін жөні бар ғой. Осылай көтермелеп, жаз қаңғыртпай, көңілін бөлмей, шәкірттерді жұрт пұлына оқытып, осының ішінен шыққан жүйрігіне өкпелеу керек қой...!» [15, 118-б.] - деп, ойсалды. Ал газеталардан мақаласында: Школдар турасынан Арсенев айтады: «Мұнан бұлай школдарда саты баспалдақтары сияқты төменгілері жоғарғыларымен жалғасар», (Біздің «Қазақты» оқушыларға мәлім: бұл күнде басқа школдардан гимназияға түсуге, гимназиадан басқадан университетке түсуге жол жоқтығы - деп жазды [17]. (Мадияр) Ішкі хабарлар мақаласында: 1895-нші жылы ауылнай школ ашылды. Қазір бұл школ волосной школға айналады. Бұл ауылдан сонан бері школ кеткен жоқ. Осы жиырма жылдың ішінде бұл елден көп бала оқып, адам болып шыққан шығар деп ойлайтын шығарсыздар. Жоқ! Осы жиырма жылдың ішінде бұл елден ілгері оқып, өзіндік адам болып шыққан жалғыз-ақ Міржақып Дулатұлы. Орысша оқудың керегін біле тұрса да, әлі мойындамаған бір елміз. Біздің ел әлі қайдағы қыңыр жолмен бара жатыр [15, 83-б.], - деп, школдарды оқыған жастарды көбі, білімдерін әрі жалғастырмай аяқсыз қалдыруда.

Ішкі хабарларда жарияланған Боштаев Мұқыштың жазған хатында Городской школды бітірген балаларға жол бар ма? Учитель болғысы келген кісі 4 жыл прогимназида оқып болса да, жарамай ма? – деген сауалдарға жауап іздеді. Мысалы: Баянауыл мен Сүйіндік арасында 6–7 ауылнай школ-дан басқа школ жоқ. Ауылнай школды бітірген балалар, ауқаты бола, Керекудегі екі класты школға барып түседі. Керекудегі екі класты школда қазаққа 30 қазыналық орын бар, оның да біразы орыс баласының пайдасында. Бұған жұрт не айтар, ашылса қандай школ ашылар, бұл әлі белгісіз. Менім білуімше 4 класты прогимназия ашылса, тәуір болар еді. Прогимназияны бітірушіге гимназияға түсіп үшін жол бос болар еді. Баянға жақын Семей мен Омбыдан басқа жерде гимназия жоқ. Осы кезде гимназида оқитын бір бала жоқ. Прогимназияны бітірген балаларды городской школ керек болса, Қарқаралыдағы мектепке беріп одан әрі білімдерін жетілдіру. Олар ең көп болса, семинарияға түседі, онда да емтихан беріп, семинарианы бітірген соң ауылнай школға учитель болады [18].

**Қаржыландыру мәселесі.** "Қазақ" газеті білім беру жүйесіне қаражат бөлудің жеткіліксіз екенін бірнеше рет көтерді. Әсіресе, мектептерді салу, мұғалімдерді оқыту және оқулықтарды басып шығару сияқты мәселелер қаржыландырудың аздығынан қиындыққа тап болды. Бұл туралы газет бетінде жазылған мақалаларда қаражаттың аздығы білім беру сапасының төмендеуіне алып келетіндігі ашық айтылды.

Осы мәселелерді шешу үшін "Қазақ" газетінде бірнеше ұсыныстар жасалды:

- Қазақ жерінде білім беруді қаржыландыруды арттыру;
- Жергілікті билік органдарын мектептерді қолдауға міндеттеу;
- Қазақ байларын оқу-ағарту ісіне қаржылай көмек көрсетуге шақыру;
- Мемлекеттен білім саласына арнайы субсидиялар бөлу туралы ұсыныстар енгізу.

Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа алаш қайраткерлері білім беру жүйесін дамыту үшін әр қазақ өз үлесін қосуы керек деген пікірде болды. Олар ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда тек мемлекеттің емес, халықтың да қатысуын маңызды деп санады.

Сонымен, қазақ студенттеріне, шәкірттерінің білім алуына қаржылай көмек берген кісілер: Шамсалдин Нәжімалдинов, Зәкір Шәкіров, Шәриф Зарифов, Ғабидолла Хасенов, Ғабдырахман Ахмедаллин, Шахабалдин Хасамалдинов, Зариф Садықов, Бірханалдин Хасамалдинов, Жәдид Деменов, Ғабдолғазиз Хасенов, Ахметгерей, Ғабдахман Мұртазаұғлы. Жетісудың Қапал уезін жайлаған Маман байдың балалары Есенғұл, Тұрысбектердің байлығын ұлт мәдениетіне, мектеп ашу ісіне бағыттай білгенін қазақ меценаттығының айқын көрінісі [18]. Алайда, 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған Есенғұл қажы Мамановтың қазақ романына бәйге жариялағаны туралы хабары қазақ оқығандарының арасында сілкініс тудырды. Қазақ жеріндегі бай-болыстардың мектеп-медресе ашу ісі: Қазақ газетінің 1913 жылғы санында «Паулодар» мақаласында Қасым Қажы Ертісбаев 15 жылдан бері медресе ашып, қазақ балаларын оқытып келеді. 75-тей бала оқиды, ішінде қазақ балалары бар. Енді Ақбұлақ халқы медресе салуға ойланып жатыр. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән жайын, маңызын түсіндірсе, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» атты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп мұқтаждарын айтады [19]. М.Дулатұлының 1913 жылы «Қазақта» жариялаған мақаласында: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүтірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты, білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. ...Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [14, 110-б.], - деп жазды. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, еуропалық ғылымда ағартушылық тақырыбы өзіндік тарихы мен теориясы мен ерекшеліктері, барлық қалыптасу және даму сатыларынан емін-еркін жүріп өтті. Ал оның өкілдері ешқандай да репрессия құрбаны болған емес. XX ғасырдың басындағы, қазақ ағартушы толық-қанды тұтас қоғамдық процесс ретінде қарқынды өріс алғанымен, ғұмыры ұзаққа созылған жоқ.

#### **Қазақ мұғалімдерін даярлау мәселесі.**

Ахмет Байтұрсынұлы мектептерде бала оқытатын мамандардың жетіспеушілігі мәселесін де көтерді. Ол мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында, әсіресе Орынбордағы «Учительская школа» сияқты мекемелерде қазақ балаларына арналған орындардың өте аз екенін ашық жазды. Мемлекеттік қаржы есебінен небәрі 7-8 орын бөлінетінін, оның тең жартысы орыс балаларына берілетінін атап өтті. Қалған үміткерлер тек өз қаражатымен оқуға мәжбүр болды. Бай-қуатты қазақтар балаларына ақша төлеп білім беру мүмкіндігіне ие болғанымен, кедейлердің оған жағ-дайы жетпейтінін көрсетті. Соның салдарынан жыл сайын оқуға түсуге 50-60 бала ниеттенсе де, олардың тек 4-5-еуі ғана қабылданатынын баяндады.

Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа да алаш зиялылары бұл мәселелерді шешу жолдарын да ұсынып отырды. Мысалы, "Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі көп" деп атап көрсеткен ол, білім беру саласында жүйелілік қажеттігін ерекше баса айтты [20].

Осы тақырып аясында Ахмет Байтұрсынұлының "Мектеп керектері" атты мақаласы ерекше назар аударады. Онда ол мектепке қажетті негізгі үш факторды атаған:

1. Мұғалім – мектептің жаны, онсыз білім беру мүмкін емес.

2. Бағдарлама – оқытудың жүйелілігін қамтамасыз ететін маңызды құрал.

3. Оқу құралдары – кітаптар мен дидактикалық материалдар оқыту процесінің негізі болуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының бұл тұжырымдары қазіргі заманғы білім беру жүйесі үшін де өзекті болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының "Мектеп керектері" атты мақаласында көтерілген мәселелер сол кезеңдегі білім беру жүйесінің басты түйткілдерін айқындайды. Ол мектептің сапасы ең алдымен мұғалімге байланысты екенін ерекше атап өтеді. Егер мұғалім білікті болмаса, оқушылардың да сапалы білім алуы мүмкін емес. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мұғалімдерін арнайы даярлау қажеттігін бірнеше рет көтерген.

«Жазушылар не айтады?» мақаласында Ибраһим Тасболатов «Қазақта мектеп жоқ. Мектеп болса, ондап оқыта білген мұғалім жоқ. Бұлардың жоқтығы ақша жоқтан» - дейді. «Ендігі заманда қазаққа басшы керек. Әйтпесе қазақ адасады. Керуеннің жолбасшысыз жүре алмағандығы белгілі. Оқып шыққан жастарымызды қазақ жолбасшысы қылса керек еді. Бірақ оны істемей тұр. Істемейтіні мынау: бір шәкірт оқып қайтса, оған мектеп ашып бермейді» [14, 26-27б.б.] - дей келе ой қорытындыласақ, мектеп ашу ісінің қиын жағдайда тұрғанын, балаларды білім нәрімен сусындататын мұғалімнің жоқтығын нақтылаған. Нәзірқожа Абдалсаидұғлы «Қытай жеріндегі қазақтар»: атты мақаласында: «Надандығымызды білеміз, оқу-өнер керек екенін білеміз, балаларымызды оқытар едік дейді, бірақ молда жоқ» [14, 25-б.], - деп, айтысады. Сонымен, оқу-білімсіз балалардың болашағы қараңғы болып қалатынын хабарлаған.

«Қазақ» газетінің №31-інші нөмірінде Шаһмардан Бөкейхановтың «Өтірік хабар жазушыға ашық хат»: атты хабарында: «... Мұндағы балаларға дін мұғалімі пайдасыз қиын арабша кітаптан оқығандықтан, балалар неш нәрсе біліп жарымайды, сондықтан қазақша оқуға ынтасы жоқ... Өткен жыл қазақ балалары директорға арыз беріп, біз мұсылманша оқымасaq екен деп сұраған еді, директор арыздарын қабыл алмады...» [15, 41-б.], -деп, баяндаған хатында. Сонымен, балалардың оқуға ынтасы және мұғалімі пайдасыз білім таратады делінген. «Оқушыларға жәрдем» атты мақаласында әр студентке берілген жәрдем тізімделген [21]. Мысалы: Атбасардан Омарбек Жанайдаровтан жәрдемге келген ақша: Жанайдаров О., Жанайдаров М., Майкөтов Ә., Бұрханов М. бес сомнан, Құрманов М., Қопабаев Р., Танқыбаев Қ. үш сомнан, Баржақсыұлы Е. екі сом, Жанайдаров Х., Араев Ә. бір сомнан, Байтабанов А. елу тиын. Бұл ақшаның жиырма сомы студент Сейітов А., он торт сом елу тиыны Саматов М. берілсін делінген. Алматыда оқитын Мұхтар Саматовқа қаржылай көмек көрсетілген. Бар жиылған ақшадан жүз отыз бес сом берілген. Қазақ жеріндегі жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттерге байлардың берілген жәрдемдер.

Студент Есенғали Қасболатовтың «Қазақ жастарына» мақаласында: Жұртта білім болса-байлық, құрмет барша рахат та табылмақшы. Егер де білім, өнер жоқ болса дүниедегі кеңшіліктің бәрінен құр қалып, көрінгенге жем болып, шөліккеп, азып-тозып бітпекші. «Баста ақыл жоқ болса, аяққа күш түседі» дегеннің мағынасы осы. Гимназия, мектептердә һәм университетте оқып жүргенде баршамыз да құр тілмен жұртқа пайда келтірмекшіміз. Қараңғыда қармалап жүрген жұртты қолынан ұстап жарыққа шығарып, әлдеқандай іс істемекшіміз [22], –дей келе, елімізге қызмет етелік, біздің болашағымыз жастар, олардың оқу-біліммен сусындауы еліміз үшін ауадай қажет деп түсіндірді. Ғ.Мұсаның «Қазақ жастарынан бір өтініш» мақаласында: адам баласына тіршілік үшін керекті нәрсе – өнер, білім. Білім, өнерсіз бір кісі қара жердің бетінде құры жыбырлап жүргенмен де, оған жанды кісі деп айталмайды, ол жансыз кісіге есеп болады. Мысалы, надан білімсіздер қораның төрінде тас бүркеніп ұйықтап жатқан бір қойшы секілді: ғылым, өнер қазақ арасында тарамған. Ұйқыда жатқан қазақ жастарын, ұйқыдан бастарын көтеріп, оянар деп үміт етсек» - деп [23].

Газеттегі мұғалімдер курсы мақаласында: Біздің мұсылманша оқығандарымыздың арасында мұғалімдік ғылымын оқыған ешкім жоқ, өйткені мұғалімдік жайын үйрететін



медресе жоқ. Әр жұмыстың әдісін білу керек. Ол әдісті өзі білмесе, өзгеден көріп, үйренерге керек. Біз бала оқыту деп сөйлегенде жаңа тәртіппен оқытуды айтамыз. Бұрынғы моллаларша: балалардың бір-бір жапырақ қағаз ұстатып, «әліп, би, ти, си ...» дегізіп, оларды айқайлатып қуып, жатқа білетін бетін ыңылдап, жылап отырып, андасандар: «Әй, оқындар!» деп өзі айқайлап оқытқанды оқыту деп айтуға болмайды. Он жыл оқытып, дұрыстап хат жазуды білдірмейтін оқытыс оқыту бола ма? Бұл күндегі оқыту – тез үйрету. Тез үйрету үшін қайткенде балалар тез үйренетін әдісін білу керек. ...Осы күнгі жаңа тәртіппен оқытушылардың оқытуы бұрынғы моллалардың оқытуынан көп артық, бірақ нағыз мұғалімдік ғылымын үйреніп шыққан адамдардың оқытуынан көп төмен деп, бағалаға. Оқытуда кемістік көп. Мұғалімдік ғылымын үйретерлік медресе жоқ болса, мұғалімдердің қазіргі оқытуында кемістік көп болса, халыққа балалардың басын қатырмайтын тәртіпті оқу керектігін міндеттеген», - деп бағалаған [17. 28-б.].

Мұғалімнің рөлі мен кәсібилігі жайында. «Мектеп керектері» мақаласында ғалым: «Мектеп-тің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деп, негізгі жүктің оқытушыда екенін ескертеді. Екінші, «оқыту ісіне керек құралдар қолайлы әм сайлы болу керек», - дейді. Бұл жолда ұстаз- әдіскер өз ісімен өнеге көрсетті. Кешегі, бүгінгі мектептерде оқытылып келген әліппе, ана тілі, қазақ тілі пәндеріне ұлт ұстазының мына еңбектері негіз - бастау болды: 1) Оқу құралы. 1-ші кітап, 2) Оқу құралы. 2-ші кітап. Ғалым мектептің үшінші керегі жоспарлы жосық деп білген яғни келісілген кемел бағдарлама. Осы бастапқы үш керекті дұрыс жолға қоя білу – негізгі міндет [15. 183-б.], - деп,білген. Және «Ана тілімен оқытамыз деген пікір орыстан басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігіне еш талас болмасқа керек» деп айтылған.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар қай мұғалімге болсын қажет. «Бірден мұндай шарттар табылмайды, әуре болмайық» деп қорқу керек емес. Ізденсе, талаптанса, қолдан жасалмайтын шарт жоқ». Бұл мәселелер бір ғасырға жуық бұрын айтылса да, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалт-пағаны анық. Себебі қазіргі уақытта елімізде қоғамдағы мұғалім мәртебесіне көңіл бөлініп, тіптен заң жобасы талқылану үстінде екенін жақсы білеміз.

Ал «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін өте құнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20-ақ адам хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5-ақ кісі хат біледі» [24], – дейді. Бұл дерек қазақ халқының революцияға дейінгі сауаттылығы небәрі 2% болды деген бұрынғы тұжырымды жоққа шығарады. Мысалы, Қостанай уезіндегі 1909 жылғы мәліметтерге сүйенсек, сол уақытта сауатты қазақтар-дың үлесі 8%-дан асқан, ал Ахмет Байтұрсынұлы бұл көрсеткішті шамамен 5% деп бағалаған. Оқу-ағарту мәселесін А. Байтұрсынұлы жан-жақты сөз етеді. «Қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы мұғалімдік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап», [25], – деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне ат салысуға болатындығын айтады.

А. Байтұрсынұлының айтуы бойынша «Бүгінгі халық мұқтажы, ол оқу», – деп жазды. «... қазіргі оқу жолындағы бірінші мақсатымыз ұлт мектептерін ашу», – деп негізеді. Бұндай тәртіп мектеп керектеріне ешкімнің дауы жоқтығын айта келе, бірақ осы ұлт мектептерін ашуға қазіргі кезде біздің алдымызда үш түрлі кедергі тұр. Олардың бірі, бастауыш мектептердің бәріне мұғалім жоқтығы; оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі ілгері оқитын мектептің жоқтығы және тез уақытта бола алмайтындығы жөнінде қинала сөз етеді. Бұл әдістемелік кесте Ахмет Байтұрсынұлының «Земство» мақаласын тарих пәнінде оқыту барысында қолданылатын тәсілдер мен күтілетін нәтижелерді сипаттайды [26].

Кесте 1 «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы «Земство» мақаласын оқыту әдістемесі.

№	Оқу бөлімдері	Мазмұны	Оқыту әдісі	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе	«Земство» ұғымы, оның шығу тарихы және мәні.	Миға шабуыл, сұрақ-жауап	Оқушылар земство ұғымын түсінеді.

2	Мақаланың негізгі идеясы	Ахмет Байтұрсынұлы земство енгізудің қазақ қоғамы үшін маңызын талдайды.	Дереккөздермен жұмыс, мәтін талдау	Оқушылар мақалада көтерілген негізгі проблемаларды анықтайды.
3	Тарихи контекст	Патша үкіметінің басқару жүйесі, земствоның Ресей мен Қазақстандағы жағдайы.	Тарихи салыстыру, картамен жұмыс	Земство жүйесінің қазақ даласына қалай әсер еткенін бағалайды.
4	Пікірталас	Земство жүйесі қазақ қоғамы үшін пайдалы ма, әлде зиян ба?	Дебат, аргументтер келтіру	Оқушылар өз көзқарасын дәлелдейді
5	Қазіргі сабақтастық	Заманауи жергілікті басқару жүйесімен байланысы.	Жобалық жұмыс, презентация	Оқушылар қазіргі жергілікті басқару жүйесін талдайды.
6	Қорытынды	Мақаланың тарихи және бүгінгі маңызы.	Эссе жазу, пікірталас	Оқушылар мақаланың тарихи сабақтарын түсінеді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында оқу-ағарту мәселесіне қатысты 40 мақала жарияланған. Атап көрсетсем, Студент Есенғали Қасболатов, А.Байтұрсынұлы, Жанталин Ахмет, Жомартбаев Таһир, Нұрекенов Хасен, Потанин Г.Н, Шоқаев Ғабдолла, Дулатұлы М, Болғанбай Қайыркен, Қарашев Ғ, Мақсұтов Нияз, Сәрсекеев Хафиз, Қашқымбаев Досмайыл, Торайғыров С, Бөкейхан Ә. Қыр баласы, Дөнентаев Сәбит, Бегалиев, Ғайсин Зәкір, Ақмола уезінен, Тілшілер сөзі, Хат-хабарлар, Сыртқы хабарлар, Ішкі хабарлар айдарымен әр облыстағы мектеп-медреселер ашу мәселесіне қатысты мақалалар көптеп жарияланып тұрған. Медреселерден қазақ балалары қандай білім алып шығады және де ел жұртына тигізер пайдасы деген сұрақтарға шешім іздеді. «Қазақ» газетінің 1913 жылы 2 ақпанында жарияланған Ахмет Жанталиннің «Медреседен оқып шыққан шәкірттерде не болашақ? мақаласында қазақ балаларына не оқуға керек, не білуге керек? деген сұрақтарға жауап іздеді.

1914 жылы «Қазақ» газетіндегі білім, оқу-ағарту мәселесіне қатысты 15 мақала жарияланған. Мақала авторлары: Әлімбеков И., Дулатұлы М., Жанталин Ахмет, Қарашев Ғұмар, Сейітов Асылбек, Болғанбаев Қайыркен.

«Қазақ» газеті 1915 жылғы топтамасында білім мәселесіне тоқталған 25 мақала жарияланған. Мақала авторларын атап көрсетсем Ақберлин Ысқақ, Байтұрсынұлы А., Бөкейхан Ә., Қыр баласы, Боранбайұғлы Ешмұхамет, Боштаев Мұқыш, Дулатұлы М., Дәулетияров Ғ., Есболұғлы М., Есенғали, Жиенғали Құдайберген, Ж.Ж. Талапкер, Ибрагимов Хамза, Құлжанова Н., Ләтиев Ғабдолмәлік, Лекеров Ғабиболла, Мұғалімдерге ашық хат, Мұғалімдер курсы хақында, Оразалыұғлы Ыдырыс, Омарұғлы Уәлихан, Қ. Маңғыбай, Тыныштықбайұғлы Бейсенбай, Бекмұхаметов А, Тоқтарбеков Ғ, Тілепбергенов Жиенғали, Жәнібеков Ж, Күзембаев Нығметтола, Газеттерден, Ақмола уезінен. Газеттің әр санында бүркеншік есімдермен мақалалар жарияланып тұрды.

«Қазақ» газеті тек ақпарат, үгіт-насихат құралы ғана емес, Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің ғылым ордасы, ғибадатханасы болғанға ұқсайды. Міне, қысқа қайырғанға қазақтың ұлттық баспасөзінің осындай шоқтықты тұстары, елеулі кезеңдері болған. Баспасөз-әдеби тарихи шежіре. Ағартушы, ұлт көсемі А. Байтұрсынов айтпақшы: «Тарихи әдебиетті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес»-деп, халқына өшпес мұраларын қалдырды. Жоғарыдағы «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту туралы мақалаларды тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негізін ұсынғы-мыз келеді. «Қазақ» газеті – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ұлттық сананы ояту-дағы басты басылымдарының бірі. Бұл газетте оқу-ағарту мәселелері кеңінен қамтылды. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сынды ұлт көшбасшылары халықтың білім алуы мен мектеп жүйесін жетілдірудің

маңыздылығын көтерді. Осы тарихи дереккөзді орта мектептерде тарих пәнін оқытуда тиімді пайдалану – оқушыларға ұлттық сана, білімнің маңызы туралы терең түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. тарих пәнінде «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту мәселелерін оқыту бірнеше негізгі бағытта жүзеге асады: «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту туралы мақалаларды тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері бойынша диаграмма. Диаграмма оқу әдістері мен олардың оқушыларға әсерін көрсетеді.

А. Байтұрсынұлының "Қазақ" газетінде оқу-ағарту саласына қатысты мақалаларын цифрлық тарих бағытында оқыту әдістемесі.

Цифрлық тарих – тарихи деректерді зерттеуде цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге бағытталған тәсіл [27]. А. Байтұрсынұлының оқу-ағарту мәселесіне қатысты мақалаларын осы бағытта оқыту үшін төмендегі әдістемені қолдануға болады.

Кесте 2 Оқу процесінің кезеңдері және әдістері

№	Оқу кезеңдері	Мазмұны	Цифрлық технологиялар	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе	XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылығы, «Қазақ» газетінің рөлі.	Интерактивті карта, Padlet платформасы	Оқушылар тарихи контексті түсінеді.
2	Негізгі идеялар	А. Байтұрсынұлының білім жүйесін реформалау туралы пікірлері.	Google Docs-та бірлескен талдау, Quizlet (терминдер)	Негізгі мәселелерді анықтайды.
3	Мәтіндік талдау	«Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» мақалаларының мазмұнын талдау.	AI мәтіндік талдау құралдары (Voyant Tools, ChatGPT)	Оқушылар мақаланың негізгі идеясын шығарады.
4	Салыстырмалы талдау	XX ғасырдағы білім жүйесі мен қазіргі білім реформаларын салыстыру.	Infographic Canva, Timeline JS	Уақыттық өзгерістерді диаграмма арқылы көрсетеді.
5	Зерттеу жұмысы	Қазақ зиялыларының ағартушылық қызметіне қатысты деректер жинау.	Архивтік цифрлық дерекқорлар (Qazaqstan Tarihy, e-history.kz)	Деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытады.
6	Қорытынды	«Қазақ» газетінің білім беру мәселесіне қосқан үлесін бағалау.	Виртуалды дебат (Google Meet, Zoom)	Тақырып бойынша сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

## 2. Қолданылатын цифрлық құралдар

1. Voyant Tools – мәтіндік талдау жасау үшін.
2. Canva – инфографика және визуализация жасау үшін.
3. Timeline JS – білім реформаларының тарихи дамуын көрсету үшін.
4. Google Docs / Padlet – бірлескен талдау және пікір алмасу үшін.
5. e-history.kz – тарихи деректер мен архив материалдарын зерттеу үшін.
3. Оқытудың күтілетін нәтижелері

Оқушылар А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласына қосқан үлесін сандық форматта зерттейді. Цифрлық тарихи деректермен жұмыс істеуді үйренеді. Интерактивті карталар, инфографикалар және басқа да құралдар арқылы оқу материалдарын меңгереді. XX ғасырдағы және қазіргі білім жүйесін салыстырып, сабақтастықты анықтайды. Ахмет Жанталиннің «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» атты мақаласында. Семей, Қарқаралы, Орск, Қостанай, Қызылжар медреселеріндегі он мыңнан артық шәкірттерге айтатынымыз мынау: «Сіздің медресе-де оқылған, психология, фалсафаның елге де, өздеріңе де, ақыретке керегі жоқ.

Сол айтылған кітаптарды оқып бар өмірінді далаға жібермей, өзіңізге һәм ел-жұртыңызға пайдасы тиетін оқу оқыңыз» - деп, оқу жолын бағыттаған.

Бұл тақырыпты цифрлық жүйе арқылы оқыту үшін интерактивті әдістер мен платформаларды пайдалану керек. Төменде тиімді цифрлық оқыту әдістерін ұсынамын: Келесі Ахмет Жанталин «Жазу мәселесі» атты мақала жариялап, онда қазақ дыбыстарын қазақ білмейтін араб алфавитінің кейбір таңбаларын қазақ жазуына енгізбеу керектігін, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйектеді. Төменде Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» атты мақаласын оқытудың нақты әдістемелік таблицасын ұсынамын [28].

Кесте 3

№	Оқу бөлімдері	Мазмұны	Оқыту әдісі	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе	XX ғасыр басындағы қазақ жазуының жағдайы.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Оқушылар мақаланың өзектілігін түсінеді.
2	Негізгі идеялар	Ахмет Жанталин жазу реформасы туралы қандай ұсыныстар айтты?	Мәтінмен жұмыс, тірек сөздер	Оқушылар мақаланың басты тезистерін анықтайды.
3	Тарихи салыстыру	Араб, латын, кириллица жазуларының артықшылықтары мен кемшіліктері.	Топтық талдау, Венн диаграммасы	Жазу реформасының тарихи рөлін бағалайды.
4	Пікірталас	Қазақ жазуының болашағы қандай болуы керек?	Дебат, аргументтер келтіру	Оқушылар сыни ойлау дағдыларын дамытады.
5	Қазіргі сабақтастық	XX ғасырдағы жазу мәселесі мен қазіргі әліпби реформасы.	Жобалық жұмыс, презентация	Оқушылар тарихи мәселелердің бүгінгі күнмен байланысын көреді.
6	Қорытынды	Ахмет Жанталиннің мақаласының маңызы мен сабақтастығы.	Эссе жазу, рефлексия	Оқушылар тақырып бойынша жеке көзқарасын білдіреді.

Бұл кесте Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» мақаласын тарих пәнінде оқытудың нақты қадамдарын сипаттайды. «Қарқаралыда оқу жайынан» атты мақалада: шаһарда бұрыннан 3 класты городской училищесі бар. Қазақ, орыс баласы аралас оқысын деп 1904 жылы 2 класты городской училище ашылған. Бұл төңіректегі қазақ баласын орысша түгіл, мұсылманша оқытуға салақтық қылушы еді. Баласын орысша оқытқан қазақты жұрт жек көріп, балаңызды ышқолға беріңіз деген араз болушы еді. 1908 жылы губернатор циркулиар шығарып, орысша оқығандарды ғана болыстыққа бекітетін болған соң, бұрын байлардың босағасында отырған кедейлердің баласы орысша оқуы арқасында болыс бола бастады, осы кезеңнен кейін жұрттай жаппай балаларын школарға бере бастады. Осы күнде әр школаға 30-40-тан бала толып, орын жетіспе-гендіктен жаңадан 5 школа ашылды. Школа ашылса екен деп арыз бергендердің және де есебі жоқ дейді. Бұрын қазақ қыз балаларын орысша түгіл мұсылманша да шала оқытушы еді. Осы күнде әр школада екеуден-үшеуден қыз бала оқып жүр. Былтыр үш қыз ауылнай школды бітіріп шығып, біреуі городскойға кірді [29], - деп, жазды Учитель Ерман Айманов.

1913 жылы сыртқы хабарлар айдарымен жарияланған мақалада: «Біз басқа жұрттармен қатар ұлт болып, ғұмыр шегуімізге дауа- оқу. Оқуымыз жөнделмей, халқымыз оқуға кіріспей, жұрт болып, жан сақтай алмаймыз»-дей келе оқудың қажеттігін негіздеді [29].

1913 жылы Сыртқы хабарлар айдарында басылған. «Жазу, емле мәселесі» мақаласында: Жазу, әр жеткіншектің әріп тануы халық оқығандары үшін алдыңғы қатардағы мәселелерің бірі болды. Оны қолға алдырып жатқан қазіргі жазу ісіндегі кемшіліктер. Араб әліпінде дауысты дыбыстар-дың арнаулы әріпінің жоқтығынан. Бір әріптің бірнеше түрлі болуы қазірінде көп

іске ауырлық келтіріп, зарары тиіп тұр. Жазу, емле мәселесін екі істе қарастырған: біріншісі-оқу ісіне тоқталса, ал екіншісі – матбуға ісі. Нәтижесі, екеуі де халықтың мәдениет жолында алға басуына себепкер болатын істердің бас дәрежелесі. Хәріп түрінің көптігінен оқу ісіне тиетін зарары көп. Осындай кемшіліктерін түзетіп, жазу ісін жөндеуге әркім талаптанып жатыр. Араб алифбиінің кемшілігі-нен оқу ісінде ауырлық, емле ісінде тәртіпсіздік. Осы кемшіліктерді жою үшін әр жерден, жол қарастырып, іздеп жатыр [14, 429-430 бб.], - деп, баяндалды. Біздің де, емле түзету ісіміз сол жұмыстардың бір тарауы. Біздің қазақ тіліне арнаған хәріптеріміз «Қазақ» газетасы мен «Оқу құралы» кітаптардағы. Ендігі жұмыс соның кемшілігі болса, көрсетіп түзету. Түзеткенде ауырлық жағынан емес, жеңілдік жағынан түзету. Қортындылай келе, хәріп қателіктері кітап басып шығару ісінде өз кемшілігін көрсетіп жатқандығы жайлы жазылған. Әр халықтың өз хәріпі болуы тиіс деген тұжырым жасалды.

Газетте жарияланған Ақмешіт хабарлары мақаласында: Шаһарындағы оқу, оқыту жағына келсек, сарттардың екі мешітінде оқу түгіл, ескі оқуда жоқ. Имамдардың бірі ишан, бірі жабайы молда, бірі заманында ескіше оқыған бір кісі. Заманның оқуларынан хабардар болып, халқына төте оқумен балаларды оқытайық деп сөйлесе де, жұрттың қайсысы көніп, қайсысы көнбей не қылса да таласып-тармасып, 4–5 жылдан бері қарай төте оқумен оқытып келе жатыр екен. «Халқым түсінсе, төте оқуға лайық бір мектеп салып берер» [14,115 -б], - деп, күтсе де, ол турада халықтан көмек көрінбеген соң, ақырында өзінің үлкен бір үйін екіге бөліп, соның бір жағын мектеп етіп ішіне парта қойып, білгендерінше төте оқумен 30 шамасында балалар оқып жатыр. Оқытушы онша мақтарлық емес, себебі өзі жалғыз, тағлым көрген жәрдемшісі жоқ, бір жағынан өзінің батыршылығымен осындай ауыр жүкті үстіне жүктеген. Қазақтарға келсек, оларда оқу оқыту жоқ бұдан соң болуын үміт қылмаймыз. Жаңа тәртіппен бала оқытуды, заманасына лайық ғалымдарды алып қалуда, әр уақыт халыққа сөйлеп тұрады. «Ұйқыдан ояныңыздар! Жан-жаққа көздеріңізді салыңыздар! Балаларыңызды ғылыммен ашыңыздар!» деген сөздері құлақтарына сіңіре берді Зәкір Ғайсин медресе «Ғалие».

Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа да алаш зиялыларының "Қазақ" газетінде жариялаған жазу, емле, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мақалаларын негізге ала отырып, "Қазақ жазуы: тарихы, мәселелері және дамуы" тақырыбында лекция өткізуге болады [30].

Лекция жоспары:

I. Кіріспе (10 минут)

- "Қазақ" газетінің тарихи маңызы
- XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының оқу-ағарту ісіне қосқан үлесі
- Араб әліпбиі және қазақ жазуы мәселелері

II. Негізгі бөлім (30 минут)

1. Ахмет Жанталиннің "Жазу мәселесі" мақаласы

Негізгі ойлар:

- Қазақ тіліне бейімделмеген араб таңбаларын енгізбеу
- Дәйектеменің маңызы

1. "Қарқаралыда оқу жайынан" мақаласы (Ержан Айманов)

Негізгі ойлар:

- Қазақ балаларын оқытудағы қиындықтар

Орысша оқуға деген көзқарастың өзгеруі

2. "Жазу, емле мәселесі" мақаласы

Негізгі ойлар:

- Араб әліпбиінің кемшіліктері (дауысты дыбыстардың белгісіздігі, әріптің көптүрлілігі)
- Жазу мен емленің оқу мен баспа ісіне әсері
- Өз хәріпі болуы керектігі туралы тұжырым

"Ақмешіт хабарлары" мақаласы

Негізгі ойлар:

- Оқу-ағарту саласындағы қиындықтар
- Жаңа төте оқу жүйесіне көшу әрекеттері

### III. Практикалық бөлім (20 минут)

Интерактивті талқылау:

- Араб әліпбиі мен қазақ тіліне сәйкес келетін- келмейтін тұстары
- Қазіргі қазақ жазуының латын графикасына көшуі мен өткен ғасырдағы реформалар арасындағы ұқсастықтар
- Төте жазу мен кириллица, латын графикасының ерекшеліктері

Тапсырма:

Қатысушыларға 1913-1914 жылдары "Қазақ" газетінде жазылған мақалалардың түпнұсқа үзінділерін ұсынып, оларды қазіргі емле нормалары бойынша қайта жазу немесе қазіргі қазақ тілінде мазмұндап беру

### IV. Қорытынды (10 минут)

- "Қазақ" газетінің жазу реформасына қосқан үлесі
- Қазіргі қазақ емлесіндегі мәселелер мен мүмкіндіктер

Қазақ жазуының болашағы

Бұл лекцияны мультимедиа құралдарымен қызықты етуге болады:


- Презентация (PowerPoint, Prezi)
- Интерактивті сұрақ-жауап (Kahoot, Quizizz)
- Архив материалдарынан үзінділер көрсету

**Нәтижесі:** Оқу бағдарламасына сәйкес келетін мақалаларды сұрыптап, әдістемелік құралдар дайындау. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мәтіндерді жеңілдетілген түрде ұсыну.

«Қазақ» газетіндегі мақалаларды сол дәуірдің тарихи жағдайымен байланыстыра отырып талдау. Тарихи ұғымдарды жеңілдетілген түсіндірмелермен беру. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалар мен қазіргі заман арасындағы сабақтастықты көрсету. «Қазақ» газетіндегі мақалаларды басқа дереккөздермен салыстырып талдау. Оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға бағыт-талған сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеу. Тарихи дерек ретінде электронды оқу ресурстарына (интерактивті платформалар, цифрлық мұрағаттар) енгізу. Тарих пәнінің бағдарламасына [31] арнайы тақырыптық сабақтар немесе қосымша материалдар ретінде енгізу және ЖОО-да болашақ тарих пәні мұғалімдеріне «Қазақ» газеті материалдарын оқыту әдістемесін үйрету. Оқушылар үшін XX ғасыр басындағы публицистикалық стильдегі мәтіндерді түсіну қиындық туғызады. Мәтіндерге талдау жасау және оларды қазіргі заманмен байланыстыру қабілеті жетілдіруді қажет етеді. Оқушыларға мәтіннің негізгі ойын анықтау, автор көзқарасын талдау, пікірталас ұйымдас-тыру әдістерін үйрету. «Қазақ» газетіндегі оқу-білім мәселелеріне қатысты мақалаларды тарих пәнінде оқыту – оқушылардың ұлттық санасын ояту, тарихи танымын кеңейту, сыни ойлау қабілетін дамыту үшін аса маңызды. «Қазақ» газеті деректерін тарих сабағында тиімді пайдаланып, оқушыларға қазақ ағартушылығы мен ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы туралы тереңірек білім беруге болады.

Бұл «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту мәселелерін тарих пәнінде оқытудың негізгі әдістерін көрсетеді. Әр әдістің үлесі пайызбен берілген.

## Қазақ газетіндегі оқу-ағарту мәселелерін оқыту әдістерінің үлесі



**Қорытынды.** «Қазақ» газеті – ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің көрнекті өкілі. Ол қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени мәселелерін көтеріп, оқу-ағарту тақырыбына ерекше көңіл бөлді. Газет беттерінде жарық көрген мақалалар – қазақ қоғамының білімге деген көзқарасын, ағартушылық қозғалысының бағыттарын, сол кезеңдегі мектеп, мұғалім, оқу құралдары мәселе-лерін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақ» газетінде жарық көрген оқу-білімге қатысты мақалаларды тарих пәнінде оқыту – тарихи білім берудің маңызды бөлігі. Алайда, оны тиімді пайдалану үшін мазмұнды іріктеу, тарихи контексті түсіндіру, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту және интерактивті оқыту әдістерін жетілдіру қажет. Бұл мәселелер шешімін тапса, оқушылардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығы артып, олардың танымдық қабілеттері дамиды. Тарих пәнінде «Қазақ» газетіндегі оқу-білімге қатысты мақалаларды оқыту – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды. Алайда, оны оқыту әдістемесінде бірқатар шешуді қажет ететін проблемалар бар. «Қазақ» газетіндегі оқу-білімге қатысты мақалалар өте ауқымды және әртүрлі бағытты қамтиды. Оқу бағдарламасына сәйкес келетін мақалаларды іріктеу қиындық тудырады. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай, мәтіндердің тілін жеңілдетіп беру қажеттілігі туындайды. «Қазақ» газетінің барлық мақалалары оқулықтар мен оқу бағдарламаларында толық қамтылмаған. Газет материалдарының түпнұсқалары латын, төте жазумен жарық көрген, бұл қазіргі оқушылар үшін түсінікті болмауы мүмкін. Сол үшін Тарихи дерек ретінде электронды оқу ресурстарына (интерактивті платформалар, цифрлық мұрағаттар) енгізу. Газет материалдары белгілі бір автор-лардың көзқарасын білдіреді, сондықтан оқушыларға объективті талдау жасау әдісін үйрету керек. Салыстырмалы талдау әдістерін енгізу арқылы сол дәуірдегі басқа дереккөздермен байланыстыру қажет. Көптеген мектептерде «Қазақ» газетінің түпнұсқа мәтіндерімен жұмыс істеуге арналған әдістемелік құралдар жетіспейді. Газет мақалаларын оқытудың интерактивті тәсілдері (дебат, рөлдік ойындар, тарихи зерттеу жобалары) толық дамымаған. Оқушыларды қызықтыру үшін заманауи технологияларды (цифрлық архивтер, мультимедиялық ресурстар) қолдану қажет-тілігі бар. Қазіргі тарих оқулықтарында «Қазақ» газетінің ағартушылық рөлі қысқаша ғана баянда-лады. Оқу бағдарламасында газет материалдарын терең талдауға жеткілікті уақыт бөлінбейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. (Қоңыр) Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі / Шолпан. - 1923. - №4-5.-20-42 бб; 20-42 бб.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. - Алматы: Санат, 1994. - 448 б.
3. Сүбханбердина Ү. Қазақ, Алаш, Сарыарқа. - Алматы: Ғылым, 1994. - 216 б.
4. Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. - Алматы: Санат, 1997. - 277 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Атамек, 1995. - 256 б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
7. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі тілдік ерекшеліктер. - Алматы: Алаш, 1994.- 145 б.14
8. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 168 б.

9. Нұсқабайұлы Ж., Алаберген К. Көне басылымдар құнды деректер. Аяулы есімдер. - Алматы: Рауан, 1997. - 169 б.
10. Сақ Қ. Ұлт санасының ұйытқысы. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. -175 б.
11. Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда. — Алматы: Жалын, 1996. - 224 б.
12. Сүбханбердина Ү. «Қазақ» газетіне 80 жыл // Халық кеңес. - 1993. - 2 ақпан
13. Байтұрсынұлы А. Оқу жайы. "Қазақ" газеті, 1913.
14. «Қазақ» газеті 1913 жыл / репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: Смағұлова С., Әнес Ф., Замзаева Т. – Астана: Арыс, 2009. – 480 бет.,109 б.
15. «Қазақ» газеті 1914 жыл / репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс»қоры; құраст.: Смағұлова С., Әнес Ф., Замзаева Т. – Астана: Арыс, 2009. – 480 бет.,181-б.
16. Міржақып. «Қазақ» баспаханасы. // «Қазақ» газеті. –1917. –№ 239, 11 тамыз. –1 б.
17. «Қазақ» газеті 1915 жыл / репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс»қоры; құраст.: Смағұлова С., Әнес Ф., Замзаева Т. – Астана: Арыс, 2009. – 480 бет.,210-б.
18. Жәрдем берілген мұқтаж оқушылар. «Қазақ» басқармасы жәрдем береді. // «Қазақ» газеті. –1917. –№ 220, 1 наурыз. –4 б.
19. «Қазақ» газеті. –1915. –№ 150, 21 қыркүйек. –4 б.
20. «Қазақ» газеті. –1917. –223, 23 наурыз. –2 б.
21. Шаһарман Бөкейханов. Оқушыларға жәрдем// «Қазақ» газеті. – 1913. № 11. 2 наурыз.
22. Есенғали Қасболатов. Қазақ жастарына// Қазақ» газеті. – 1913. № 17. 19 сәуір.
23. Ф.Мұса. Қазақ жастарынан бір өтініш// Қазақ» газеті. – 1913. № 39. 11 қазан. – 2 б.
24. Ахмет Байтұрсынұлы. Земство// Қазақ» газеті. – 1913. № 32. 8 тамыз. – 2 б.
25. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.).– Алматы: Жалын, 2004. - 400 бет.,181б.
26. Организация, формы и методы проведения учебных занятий и самостоятельной работы: требования, условия, механизмы. Учебно-методическое пособие. /Под ред. Н.А.Волгина, Ю.Г.Одегова. – М.: Изд-во Рос.экон.акад.,2004.
27. Жанысбекова Г. А., Нарымбет Г. Б. Создание цифровых ресурсов по новой истории Казахстана и методы их использования //Современные проблемы науки и образования. – 2015. – №. 1-1. – С. 1648-1648.
28. M.S. Issayev , T.A. Apendiyev, T.A. Daniyarov //Problems of use of information-digital technologies and the internet network in history teaching. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы - 2023. № 5(405) 146-160 бб. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.582>
29. Смағұлова С.Ө. Кеңестік қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20–30 ж.) — Алматы; Елтаным, 2011. – 420 б.,62-б.
30. Ж.И. Сардарова, Г.Н. Кисметова// Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2022. №1 (70) 47-57 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04>
31. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде (Қазақстан тарихын» оқыту тұжырымдамасы // Қазақ тарихы. - 2021. - № 1-2.

#### References:

1. Ағезов М. (Қоңыр) Qazaq әдебиетінің қазіргі дәуірі / Шолпан. - 1923. - №4-5. - pp. 20-42. [in Kazakh]
2. Käkışev T. Qazaq әдебиеті synynyñ tarihi. - Almaty: Sanat, 1994. - 448 p. [in Kazakh]
3. Sübhanberdina Ü. Qazaq, Alaş, Saryarqa. - Almaty: Gylym, 1994. - 216 p. [in Kazakh]
4. Nürğaliev R. Ағезов және Алаш. - Almaty: Sanat, 1997. - 277 p. [in Kazakh]
5. Nürpéisov K. Alaş häm Alaşorda. - Almaty: Atatek, 1995. - 256 p. [in Kazakh]
6. Qoygeldiev M. Alaş qozğalysy. - Almaty: Sanat, 1995. - 368 p. [in Kazakh]



7. Mûminova B. "Qazaq" gazetindegi tildik erekeselikter. - Almaty: Alaş, 1994. - 145 p. [in Kazakh]
8. Äbdïmanov Ö. "Qazaq" gazetı. - Almaty: Qazaqstan, 1993. - 168 p. [in Kazakh]
9. Nûsqabayûlı J., Allabergen K. Köne basylymdar qundy derekter. Ayau esımder. - Almaty: Rauan, 1997. - 169 p. [in Kazakh]
10. Saq Q. Ult sanasynyñ uyytqysy. - Almaty: Qazaq universiteti, 2000. - 175 p. [in Kazakh]
11. Ahmedov G. Alaş "Alaş" bolğanda. - Almaty: Jalin, 1996. - 224 p. [in Kazakh]
12. Sübhanberdina Ü. "Qazaq" gazetine 80 jyl // Xalıq keñesi. - 1993. - 2 aqpan. [in Kazakh]
13. Baitûrsynûlı A. Oqu jayı. "Qazaq" gazetı, 1913. [in Kazakh]
14. "Qazaq" gazetı 1913 jyl / repressiyaga úşyragan qazaq ziyalılarınıñ mûrasyn zertteytin "Arys" qory; qûrast.: Smagûlova S., Änes G., Zamzaeva T. - Astana: Arys, 2009. - 480 p., p. 109. [in Kazakh]
15. "Qazaq" gazetı 1914 jyl / repressiyaga úşyragan qazaq ziyalılarınıñ mûrasyn zertteytin "Arys" qory; qûrast.: Smagûlova S., Änes G., Zamzaeva T. - Astana: Arys, 2009. - 480 p., p. 181. [in Kazakh]
16. Mirjaqyp. "Qazaq" baspaxanasy. // "Qazaq" gazetı. - 1917. - №239, 11 tamyz. - p. 1. [in Kazakh]
17. "Qazaq" gazetı 1915 jyl / repressiyaga úşyragan qazaq ziyalılarınıñ mûrasyn zertteytin "Arys" qory; qûrast.: Smagûlova S., Änes G., Zamzaeva T. - Astana: Arys, 2009. - 480 p., p. 210. [in Kazakh]
18. Järdem berilgen múqtaj oqúşılar. "Qazaq" basqarmasy järdem beredi. // "Qazaq" gazetı. - 1917. - №220, 1 naurız. - p. 4. [in Kazakh]
19. "Qazaq" gazetı. - 1915. - №150, 21 qyrkuyek. - p. 4. [in Kazakh]
20. "Qazaq" gazetı. - 1917. - №223, 23 naurız. - p. 2. [in Kazakh]
21. Şaharman Bökeyhanov. Oqúşılarğa järdem // "Qazaq" gazetı. - 1913. - №11. - 2 naurız. [in Kazakh]
22. Esengali Qasbolatov. Qazaq jastarına // "Qazaq" gazetı. - 1913. - №17. - 19 säuir. [in Kazakh]
23. G. Mûsa. Qazaq jastarınan bir ötiniş // "Qazaq" gazetı. - 1913. - №39. - 11 qazan. - p. 2. [in Kazakh]
24. Ahmet Baitûrsynûlı. Zemstvo // "Qazaq" gazetı. - 1913. - №32. - 8 tamyz. - p. 2. [in Kazakh]
25. Qoygeldiev M. Ult tyaryhy jäne sayasi elitasy. - Almaty: Jalin, 2004. - 400 p. [in Kazakh]
26. Volgin N.A., Odegov Y.G. Organizaciya, formy i metody provedeniya uchebnyh zanyatiy i samostoyatelnoy raboty: trebovaniya, usloviya, mehanizmy. – M.: Izdatelstvo Ros.ekon.akad., 2004. [in Russian]
27. Janıbekova G.A., Narımbet G.B. Sozdanie cifrovyyh resursov po novoy istorii Kazahstana i metody ih ispolzovaniya // Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya. – 2015. – №1-1. – pp. 1648-1648. [in Russian]
28. Issayev M.S., Apendiyev T.A., Daniyarov T.A. Problems of use of information-digital technologies and the internet network in history teaching // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2023. – №5(405). – pp. 146-160. DOI: [10.32014/2023.2518-1467.582](https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.582) [in English]
29. Smagûlova S.Ö. Keñestik qazaq merzimdi baspasözi: Şyǵu tarihi men derektik mañyzy (XX g. 20–30 j.). – Almaty: ElTanym, 2011. – 420 p., p. 62. [in Kazakh]
30. Sardarova J.I., Kismetova G.N. Bilim berudi cifrlandyru jaǵdayında bolashaǵ pedaqogtardıń cifrlyq bilim beru reswrstaryn paidalanu daıarlyǵyn qalyptastyru // QazUU habarshysy. Pedagogikalyk gylım seriesy. – 2022. №1 (70). pp. 47-57. DOI: [10.26577/JES.2022.v70.i1.04](https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04) [in Kazakh]
31. Qazaqstan Respublikasynyñ jalpy bilim beretin mektepterinde (Qazaqstan tarihyn oqytu tújrymdamasy) // Qazaq tarihi. - 2021. - №1-2. [in Kazakh]